

Барлық кандидаттардың сайлаушыларымен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 02 тамыздағы № 439 қаулысы. Маңғыстау облысының Эділет департаментінде 2011 жылғы 09 тамызда № 11-2-169 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 8 желтоқсандағы 2011 жылғы № 737 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 08.12.2011 № 737 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан

Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабының 4 және 6 - тармағына сәйкес, Жаңаөзен қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары Жаңаөзен қаласы мен Тенге, Қызылсай ауылдарында 1 - қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар 2 - қосымшаға сәйкес берілсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау қала әкімінің орынбасары Ж. Айсабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Сарбекеев

Келісілді:

Жаңаөзен қалалық сайлау
комиссиясының төрағасы
Б. Базылов
02 тамыз 2011 жыл

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 02 тамыздағы
№ 439 қаулысына
1 - қосымша

**Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
Жаңаөзен қаласы бойынша:**

- 1) Маңғыстау көшесі, "Өркен" шағынауданындағы № 20 үйінің сол жағынан 40 метр қашықтықта орналасқан тақта;
- 2) Сатпаев көшесі, "Тәуелсіздік" алаңының алдынан 20 метр қашықтықта орналасқан тақта;
- 3) Сатпаев көшесі, "Шаңырақ" шағынауданындағы № 27 үйінің сол жағынан 30 метр қашықтықта орналасқан тақта;
- 4) Қосқұлақов көшесі, "Самал" шағынауданындағы № 11/26 үйінің көше жағынан 30 метр қашықтықта орналасқан тақта;
- 5) Бейбітшілік көшесі, "Мұнайшы" мәдениет үйі ғимаратының сол жағынан 30 метр қашықтықта орналасқан тақта;
- 6) "Ақсу" шағынауданындағы № 18 орта мектебінің алдынан 40 метр қашықтықта орналасқан тақта;
- 7) Қалалық перзентхана ғимаратының сол жағынан 20 метр қашықтықта орналасқан түрғылық.

Тенге ауылы бойынша:

- 1) Марабаев данғылы, "Болашақ" дүкенінің алдынан 40 метр қашықтықта орналасқан тақта.

Қызылсай ауылы бойынша:

- 1) № 4 орта мектебінің алдынан 200 метр қашықтықта орналасқан тақта.

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 02 тамыздағы
№ 439 қаулысына
2 - қосымша

Сайлаушылармен кездесуі үшін берілетін үй - жайлар

1. Жаңаөзен қаласы – қалалық оқушылар шығармашылық үйінің мәжіліс залы, "Мұнайшы" мәдениет үйінің концерт залы.
2. Тенге ауылы – № 17 орта мектептің мәжіліс залы.
3. Қызылсай ауылы – № 4 орта мектептің мәжіліс залы.